

Қазақстан Республикасының Италия Республикасындағы Елшілігінің әкімшілік ғимараты мен Төтенше және Өкілетті Елшісінің резиденциясын жобалау және салу (қайта жаңарту) туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1371 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Рим қаласы, Кассий көшесі, 471 мекен-жайы бойынша орналасқан Қазақстан Республикасының Италия Республикасындағы Елшілігінің әкімшілік ғимараты мен Төтенше және Өкілетті Елшісінің резиденциясын (бұдан әрі - ғимарат) жобалау және салу (қайта жаңарту) туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі:

1) республикалық бюджетте тиісті бағдарлама бойынша көрсетілген мақсаттарға көзделетін қаражат есебінен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төленетін күнге белгілеген бағам бойынша 8421059 (сегіз миллион төрт жүз жиырма бір мың елу тоғыз) евроға баламалы сомада ғимаратты жобалауды және салуды (қайта жаңартуды) толық көлемде қаржыландыруды қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ғимаратты жобалау және салу (қайта жаңарту) жөніндегі тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу жүйесіне жүзеге асырсын;

3) ғимаратты жобалауды және салуды (қайта жаңартуды) қаржыландыру үшін бөлінген қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатының сақталуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес ғимаратты жобалауды және салуды (қайта жаңартуды) қаржыландыру кезең-кезеңмен жүзеге асырылады деп белгіленсін:

1) 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 009 "Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шет елде жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу және салу" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төленетін күнге белгілеген бағам бойынша 3863529 (үш миллион сегіз жүз алпыс үш мың бес жүз жиырма тоғыз) евроға баламалы сомада;

2) 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 009 "Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шет елде жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу және салу" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төленетін күнге белгілеген бағам бойынша

3087720 (үш миллион сексен жеті мың жеті жүз жиырма) евроға баламды сомада;

3) ғимаратты салуды (қайта жаңартуды) аяқтау үшін қажетті соманың қалған бөлігін бөлу белгіленген рәсімдерді өткеннен кейін 2006 жылға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде қаралатын болады.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК